

«АЛАШ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ»

Осы айда аудандық орталық кітапханада «Алаш және әдебиет» атты әңгіме сағаты өтті. Бұл әңгіменің мақсаты: оқырмандарға Алаш туралы түсініктерін молайту және Алаш ардагерлерінің еңбегін ашып көрсету, жастарды патриоттық тәрбиеге бағыттау, өз Отанын, елін сүйюге, қорғауға талпындыру болатын.

Бұл шараға № 1 орта мектеп мұғалімдері және 9 «б» - сынып оқушылары қатысты. Шараны жүргізу жолдарында оқырмандармен мынадай ойын түрлерін өткізді. Оқушыларды екі топқа бөлді де, «Алаш қозғалысы», «Алаш партиясы» деген тақырыпқа жоспар құрдық, кімнің жоспары мықты сол жаққа бал қосылып отырды. Жоспар саны 6-дан болды. Алаш тақырыбында оқырмандардың ұйымдастыруымен газет шығарылды, газеттің аты, редакторы, бөлімдері болды. Алашорда деген сөздің әрбір әрібіне тарихи тілде сөз құрастырылды. «Қазақстан», «Мұғалім немесе мектеп» деген тақырыпта ән шырқалды. Осылардың бәрі оқырмандардың қатысуымен болды. Шара соңында,



қорытынды ретінде оқырмандар, яғни біздер өз пікірлерімізді айтып, әңгіме сағатының өте қызықты өткенін, өзіміздің редакция қызметкерлері болғымыз келетінін айттық.

Кітапханашылардың арқасында біз «Алаш» туралы толық мағлұмат алғандарымызды және риза болғанымызды шын жүректен айттық.

Абылайұлы Нариман 9 «б»
сынып оқушысы.